

# ПСИХОДИАГНОСТИКАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Орындаған: Сардарбекова А.

Тексерген: Бухарова А.

**Психодиагностика** - психологиялық диагноз қою немесе жеке адамның психикалық күйі туралы мамандырылған түрде шешім қабылдау.



Психодигностика ғылым ретінде, келесі жалпы мәселелерді қамтиды:


1. Психикалық құбылыстардың табиғаты қандай?
2. Психикалық құбылыстарды тануда оның жалпы ғылыми негіздері неде?
3. Психодиагностикалық әдістер жалпы ғылыми, әдістемелік талаптарға сәйкес келе ме?
4. Психодиагностикалық әдістерге қандай әдістемелік талаптар қойылады?



Практикалық диагностиканың нәтижелерінің дәлдігіне қандай негіз бар? Психодиагностика тек теориялық мәселелерді ғана емес, сонымен қатар оны ұйымдастыру және жүргізу мәселелерін де қамтиды.

1. Психолог - психодиагностқа кәсіби талаптардың қойылуы.
2. Өзінің жұмысын дұрыс жүргізу үшін онда қажетті білімнің, ептіліктің, дағдының болуы.
3. Практикалық жағдайлардың жасалуы. Практикалық психологта арнайы бағдарлама мен әдіс-тәсілдердің болуы.
4. Психолог-диагносттың жұмысы осы 2 бөлікті (яғни теориялық және практикалық) қамтиды.

Психодиагностика психологтың түрлі іс-әрекетінде қолданылады. Мысалы, эксперимент өткізгенде зерттеуші ретінде, психологиялық тұрғышан кеңес бергенде, психологиялық коррекция әрекетінде. Өте жиі ол психологиялық диагноз қою болуы тиіс.



## Психодиагностиканың мақсаттары:

- ✓ Адамның бойында психикалық қасиеттердің немесе мінез-құлық ерекшеліктерінің көрініс беруін анықтау.
- ✓ Осы ерекшеліктердің даму дәрежесін, оның сандық және сапалық жағынан көрініс беруін анықтау.
- ✓ Басқа адамдардың бойындағы қасиеттер мен осы көрініс берген ерекшеліктерді немесе қасиеттерді салыстыру.
- ✓ Адам бойындағы қасиеттерді, мінез-құлық ерекшеліктерді сипаттай білу.

Психодиагностика кәсіби психологтың іс-әрекетіндегі ең күрделі сала. Бұл салада қызмет ету үшін білім, дағды, ептілік қажет. Мысалы, Америкада жоғары білімі бар мамандар осы сала бойынша дайындық өтеді ( 2 жылдық арнайы факультеттерде дайындалады). Осы факультетті бітіргеннен кейін, психодиагност, психологиялық коррекция бойынша мамандық алады.



## **Психологиялық диагностика қойылатын талаптар:**

1. Адамдарды өзіне тарта білу, оларды сендіре білу, олардың көңілінен шыға білу.
2. Психодиагностикалық әдістерді терең білу, оларды қолдану әдістемесін игеру.

## **Психодиагностикалық әдістерді таңдауға қойылатын талаптар:**

- A. Таңдалып алынған әдіс қарапайым түрде болуы қажет.
- B. Таңдалып алынған әдіс түсінікті болуы қажет.
- C. Зерттеу әдістері өтетін жерде адамға әсер ететін жағымсыз тітіркендіргіштер болмауы қажет (яғни, оның -зейінін аударатын жағдайлар). Зерттеуші мен зерттелінушіден басқа бөтен адамдар болмауы қажет.




Қазіргі психодиагностиканың тарихы ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан басталады. Адам туралы психологиялық эмпирикалық білімді дәрігерлер жинады (ал оған дейін философтар мен жазушылар айналысқан).

Психиатр-дәрігерлер Еуропаның клиникаларында ауру адамдарды бақылай бастады. Психодиагностиканың: бақылау, документтерді анализдеу, әнгімелесу әдістері қолданылады. В.Вундт 1-ші лаборатория ашады (1879 ). Бұл жерде техникалық құралдар қолданыла бастады. Бұл уақытта негізгі психофизикалық заң ашылды, яғни физикалық және психикалық құбылыстардың сандық жағынан бір-бірімен байланыста болуы. Осы заңға байланысты адамның түйсіктерін өлшеу мүмкіншіліктері де пайда болды.

Психодиагностиканың негізгі әдістерінің құрылуы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы болып табылады. Осы кезеңде белсенді түрде математикалық статистика дами бастайды. Кейінірек оған психодиагностиканың сандық ғылыми әдістері негізделе бастады. Математикалық статистиканы баста биологияда, экономикада, медицинада, ал кейінірек психологияда қолданды. Кейінірек психикалық құбылыстарды сандық жағынан психодиагностикалауда арнайы әдістер қолданыла бастады. Ең бірінші рет ол әдіс ақыл-ой дамуының дәрежесін анықтауда қолданылды.

Бірінші арнайы психометриялық мекеме Англияда пайда болды. Оның негізін салған ағылшын психологы - Гальтон. 1884 жылы ол антропометриялық лаборатория ашады. Ол лабораторияның негізгі мақсаты - адамның қабілеті туралы статистикалық мәлімет алу. Бұл лабораторияға келушілер өздерінің қабілеттері туралы мәлімет алуға мүмкіншілік алды, бұл эксперименттен 10000 адам өтті. Гальтонның еңбегі -статистикалық әдістерді ойлап табуы.




Француз ғалымы А.Бине 1905-1907 жылдары ақыл-ойды зерттеу тесттерін жетілдіре түсті, ал кейінірек француз ғалымы Т.Симон екеуі бұл тесттерді терең түрде өңдеді, сөйтіп ол тест Бине-Симон деп аталды. XX- ғасырдың екінші жартысында жаңа психологиялық тесттер пайда болды. Олар жеке адамның түрлі қасиеттері мен процестерін диагностикалауда қолданылды.

Бұл жылдары әлеуметтік психологиялық зерттеулерде психодиагностикалық әдістер қолданылды (социометриялық әдіс Дж. Морено, көптеген өлшеу әдістері К.Левин ). Кейінірек психодиагностика психологиялық білімдердің ғылыми практикалық саласына айналады. Өте көптеген психодиагностикалық әдістер пайда бола бастады. Математика мен физиканың, ЭВМ-нің нәтижелері психодиагностикаға ене бастайды.







## ***Бақылау негізіндегі психодиагностикалық әдістер***

Бұл жерде нені бақылау қажет, қалай бақылау қажет, бақылау нәтижелерін қалайша бағалау қажет, оны қалайша талдау керек екендігі туралы схемалар беріледі ( бақыланатын адамдардың қозғалысы, ой-пікірлері, реакциялары есепке алынып отырады).

## ***Сұрақ негізіндегі психодиагностикалық әдістер***

Жеке адамның психологиялық ерекшеліктері арнайы сұрақтарға жазбаша немесе ауызша түрде берілген жауаптары арқылы анықталады. Бұл әдістерге жататындар: анкета, сұрақ-жауап әдісі, интервью.

*Анкета* - зерттелуші берілген сұрақтарға жауап қайтарумен ғана шектелмейді, сонымен қатар өзі туралы да әлеуметтік-демографиялық мәліметтер береді (жасы, мамандығы, білім дәрежесі, жұмыс орны, отбасы, қызмет жағдайы).

*Сұрақ-жауап әдісі* - зерттелушіге жазбаша түрде сұрақтар беріледі. Сұрақтар ашық және жабық болып екіге бөлінеді. Жабық түрінде сұрақтар және оған жауап беріледі. Ашық түрде жауаптар берілмейді. Зерттелуші өзі жауап қайтарады.

*Интервью* — психолог өзі сұрақ беріп, өзі зерттелушінің жауаптарыш жазып отырады.

## ***Объективті психодиагностикалық әдістер***

Іс-әрекеттің нәтижелерін анализдеу. Зерттелушінің жазбаша жұмыстары, оның шығармалары, хаттары сараланады.

## ***Экспериментальді психодиагностикалық әдістер***

Зерттелушінің қандай да болмасын бір ерекшелігін зерттеу мақсатында арнайы эксперимент өткізу. Арнайы жасанды жағдай жасап отырып, өзімізге қажетгі қасиетті, ерекшелікті зерттеу. Мысалы, адамның бойында « үрейлілік » қасиетті анықтау. Зерттелушіні емтихан жағдайына түсіріп, арнайы уақыт беріп (аз уақыт беріп), емтихан нәтижесін өте қатал бағалайтынымызды ескертеміз. Зерттелуші осы іс-әрекетте өзін қалай ұстайтындығы толық бақыланып отырады. Егер зерттелінш отырған қасиет ерекше көрініс берсе, яғни осы қасиет күшті болғаны. Егер осы қасиет жақсы көрініс бермесе, онда оның зерттелушінің бойында болмағаны. Ал егер осы қасиет біркелкі, орынды түрде көрініс берсе, онда орташа болғаны.

Назарларыңызға рахмет!

